

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған **«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар»** атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

деңгейдің өз деңгейдің тілдік, әлеуметтік лингвистикалық және дискурсивтік қызметі болады.

Педагогикалық технология – әр пәннің ашық және күрделі жүйесі. Ол жүйелер негізгі оқу мақсаттарына, бағытына, мазмұнына қарай топтастырылып, соңында оқушының дамуындағы өзіндік ізін қалдырып отырады. Көптеген жаңа замандағы технологиялары Қазақстан Республикасы мектептерінде белсенді түрде қолданылуда. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында әр ұстаз пәніне байланысты оқушымен бірлесе жұмыс істеуге барынша тиімді оңтайлы нәтижелерге жеткізетін әдіс-тәсіл түрлерін, педагогикалық технологияларды тандап алып жұмыс істеуге немесе авторлық бағдарламаны жасап қолдануына болады делінген. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап – жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы және терең білім беру, ойлау, есте сақтау, көру, сқйлеу қабілеттерін жетілдіру. «Нағыз тәрбие мен білім ережелерден емес, жаттығулардан тұрады» - деп Жан-жак Руссо айтқандай енді оқушылармен жұмыс жасау барысында қандай жаттығулар мен талдау жұмыстарын жасайтындығыма тоқталайын. Кейде оқушылар қолданып тұрған материалды ережемен сәйкестендіре алмайды, сондықтан да екеуін қатар ұстану керек. Өзім өз тәдірибемде талдау жұмыстарына көп көңіл бөлемін, әрине, ол оң нәтижесін көрсетуде.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері. – Алматы, Мектеп.
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі. – Алматы, Атамұра.
3. Пірімбетов Т.Т. Қазақ тілінен әдістемелік нұсқаулар. – Қарағанды, Санат.
4. Колкер Я.М. Практическая методика обучения иностранному языку: Учеб. пособие. – М.: Школа.
5. Масыко Е.А. Настольная книга преподавателя иностранного языка. – М.: Высш. шк.
6. Құрбанбаева Д. Тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық бағыттары. №4, 2008
7. Бастауыш сынып. №8, 2012
8. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. // Қазақстан мектебі, №4, 2008

МАҚАЛ-МӘТЕЛ – ТІЛ ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ

Тұяқбаева Р.Р., Ашенова А. Т.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

rahmanberdina@mail.ru,

altyn24.1975@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазақ тілін оқыту үдерісінде мақал-мәтелдерді қолдану әдістемесі туралы сөз болады. Сөйлеу әрекетінің оқылым, айтылым, жазылым тапсырмаларында мақал-мәтелді қолдану мүмкіндігі практикалық сабақ тұрғысынан талқыланады.

Кілт сөздер: жаһандану, мақал-мәтел, ұлттық код, сөздік қор, тіл байлығы.

Аннотация. В статье говорится о методике использования пословиц в процессе обучения казахскому языку. Обсуждается возможность использования пословиц в чтении, говорении, письменных заданиях с точки зрения практического занятия.

Ключевые слова: глобализация, пословицы, национальный код, словарный запас, богатство языка.

Қазіргі жаһандану заманында бүкіл адамзат өмірінде өзгерістер орын алуда. Бұл жаһандану үдерісінде әр ұлт, әр мемлекет өз рухани, мәдени ұлттық құндылықтарын сақтап қалуға тырысады. Ұлттық құндылықтарды сақтаудың басты көрсеткіші, ұлттық коды – тіл десек қателеспейміз. «Тіл әрбір адамға қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» [1, 218] деп ғалым А.Байтұрсынұлы айтқандай ұлттың тілі халықтың асыл мұрасы – мақал-мәтелдерде ерекше көрініс тапқан. Даналық ой-өрісі жинақталған мақал-мәтелдерді қазақ тілін оқыту барысында пайдалану – ақпараттық-танымдық білім беріп қана қоймай, ұлттық ерекшелігімізді сақтауға тәрбиелейді.

Мақал-мәтелдер туралы сөз қозғағанда, оны жинаушылар Ш.Уалиханов, Ы.Алтынсарин, А.Диваев, П.А.Мелиоранский, В.Катаринский, Ө.Тұрманжанов туралы айтуға міндеттіміз. Мақал-мәтелдердің табиғатын айқындауға әдебиетші ғалымдардың қатарында М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Б.Адамбаев, М.Әлімбаев, М.Базарбаев, т.б. зерттеулерін ерекше атауға болады. Аталған ғалымдар еңбектерінде мақал-мәтелдерге анықтама беріліп, жан-жақты талдау жасалған. Мақал-мәтелдерді әдебиетші ғалымдармен қатар тілдік ерекшеліктеріне байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізген Р.Сәрсенбаев, Ө.Қайдар, Ө.Айтбаев, Ғ.Тұрабаева, С.Сәтенова, т.б. тілші ғалымдардың да еңбектері бар. Академик М.Әуезов қазақ мақал-мәтелдерін былайша сипаттайды: «Мақал-мәтел халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарын кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі декорем бейнелейтін, тақырыбы, идеялық мазмұны бай, ең бір мол саласы. Мақал-мәтел дегеніміз – халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшам түрде, ұтымды, өткір етіп айтып беретін сөз. Мақал тұлғалы болады, ойы тұтас келеді, әдетте, ол бір немесе бірнеше толық сөйлемнен құрылады. Ал, мәтел, мақал сияқты, толық түрінде құрылмай, сөз тіркесі, қалыптасқан нақышты, орамды сөйлемше түрінде жасалады» [2, 394].

Мақал-мәтел көлемі жағынан ықшам, айтылуы жағынан ырғақты ұйқасқа құрыла отырып, тіл үйренушінің қабылдауына оңай әрі жеңіл болатындығымен ерекшеленеді. Мақал-мәтелдердің құрылысы жағынан ықшам және қарапайым болғаныменен, құрамындағы сөздік қор, тіл байлығы, білім алушының ой-өрісін дамытып, сөз қолданысын кеңейтуге, мәнерлі сөйлеуге үйретеді.

Қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді дидактикалық материал ретінде қазақ тілін үйретуде тіл дамыту құралы ретінде кеңінен пайдалануға болады. Себебі, ұлттық өнегелі мінез-құлық тәрбиесі: ізеттілік, байсалдылық, ұстамдылық, ата-ананы, үлкенді сыйлау, мейірбандық, еңбекке тәрбиелеу, адамгершілік, т.б. жақсы мінез-құлықтарды дәріптеу – мақал-мәтелде ұдайы кездесетін құбылыс. Ендеше «білім мен тәрбие – егіз» ұғым екенін ескерер болсақ, жастарға танымдық белгілі бір тақырыпты игертуде лексика-грамматикалық жаттығу жұмыстары ретінде мақал-мәтелді кеңінен ұсынуға болады.

Қазақ тілін оқыту барысында мақал-мәтелді бағдарламадағы тақырыптарға сәйкес түрлендіре отырып қолдануға болады. Мақал-мәтелдерді сабақ барысында қолдануға байланысты кейбір тапсырма түрлерін атап өтеміз. Мысалы, В2-1 ортадан жоғары деңгейге арналған «Қазақ тілі» типтік бағдарламасының 9-10 аптасы білім тақырыбына арналған.

«Білім – болашақ баспалдағы» тақырыбына байланысты берілетін мәтінге байланысты мәтінге дейінгі жүргізілетін тапсырмаларға тоқталып жатпаймыз, тек мәтіннен кейін жүргізілетін тапсырма түрлерін ұсынамыз.

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнына назар аударыңыз.

Адам балалық шағында қаншалықты көп оқыса, есейгенде соншалықты байболады. Цицерон «Кітабы жоқ үй жаны жоқ дене сияқты», – деген екен. Ғалымдардың пікірінше, бұл сөйлем рухани байлыққа ғана емес, материалды байлыққа да қатысты екен. Италияндық экономистер балалық шақтағы кітапқұмарлықпен есейгендегі күш-қуат тығыз байланыста екенін дәлелдеген.

Падуи (Италия) университетінің үш экономисі тоғыз еуропалық елдің 6 мың адамын зерттеп, бала кезден кітапқұмар адамдар кітапты аз оқыған немесе кішкентай кезінде мүлде кітап оқымаған балаларға қарағанда көбірек ақша табатынын анықтаған. Бұл құбылысты танымал ағылшын неврологы Сьюзан Гринфилд былай түсіндіреді. Баланың миын кітаптан асып, ештеңе дамыта алмайды, себебі әдебиет – ойлау үдерісін дамытатын бірден-бір құрал. Әр сюжеттің басы, өрбуі, шарықтаушегі мен соңы бар мұндай құрылым мидың бар бөлігін жұмыс істетіп, тізбектеуге бейімдейді. Сонымен бірге оқиғалардың байланысы туралы ойландырып, кейіпкерлердің іс-әрекетін түсінуге үйретеді. Сондықтан адамның логикалық ойлау қабілеті мен зейінінің дамуы – бала кезде оқыған кітаптарының санына байланысты болады екен. Баланың оқуға деген құштарлығын арттыру – оған жасаған үлкен сыйымыз [3].

Жоғарыдағы бірінші тапсырмаға байланысты мәтіннің сілтемесі беріліп отырғандықтан сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға болады.

2- тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтелді тауып, парақшаны толтырыңыздар.



Осы екінші тапсырманы ауызша да орындатуға болады.

3-тапсырма. Білім тақырыбына байланысты мақал-мәтелдерді жазыңыздар//айтыңыздар.

Осы үшінші тапсырманы жазбаша да ауызша да тапсырма ретінде беруге

болады.

4-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтелдің жалғасын табыңыздар

1. Күш – білімде, білім –
2. Білегі күшті бірді жығады,
Білімі күшті ...
3. Ақыл азбайды, білім
4. Оқусыз білім жоқ, ...

5-тапсырма. Өз мамандығыңызға (кәсібіңізге) байланысты мақал-мәтелдерді жазыңыздар, мағынасын түсіндіріңіздер.

Үлгі: Балықшы балықшыны алыстан көреді.

Қазақ тілі сабағында оқытуда грамматикалық тақырыптарды үйрету үшін де мақал-мәтелдерді ұтымды қолдануға болады. Мысалы, сан есімді меңгерту барысында төмендегідей тапсырманы ұсынуға болады.

6-тапсырма. Құрамында сан есімі бар мақал-мәтелдерді жазыңыздар, мағынасын түсіндіріңіздер.

Үлгі: Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

8-тапсырма. Мақал-мәтелдерде кездесетін қарама-қарсы ұғымдарды анықтап, 2-3 үлгісін жазыңыздар.

*Үлгі: 1. Дос жылатып айтады,
Дұшпан күлдіртіп айтады.*

9-тапсырма. Құрамында сын есімі бар мақал-мәтелдерді жазыңыздар, мағынасын түсіндіріңіздер.

Үлгі: 1. Жақсы сөз – жарым ырыс

10-тапсырма. Төмендегі сілтеме бойынша суреттермен берілген 4-5 мақал-мәтелді тауып жазыңыздар, мағынасын түсіндіріңіздер. [4]

Қазіргі кезде мемлекеттік тілді оқыту өзекті мәселенің бірі. Мемлекеттік тілді үйретудегі басты мақсат тіл үйренушіні сөйлеуге, айтқан ойды түсініп, өз ойын жеткізе білуге үйрету болып табылады. Қазақ тілі сабағында тіл дамыту жұмыстары ретінде мақал-мәтелді пайдаланудың сөйлеу әрекетінің барлық түрінде маңызы зор. Жоғарыда берілген тапсырмаларда мақал-мәтелдер тіл үйренушінің сөздік қорын молайтуға, жаңа сөздерді меңгертуде, тіл байлығын арттыруда, сауатты жазуға дағдыландыруда тигізер пайдасы мол екенін көрсетеді. Сондықтан сабақта тіл дамыту жұмыстары ретінде мақал-мәтелді пайдалану – тіл үйренушіні өз халқының тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін түсінетін, сыйлайтын тұлға етіп тәрбиелеуде маңызды құрал. Өйткені, мақал-мәтел – білім берудегі ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар көзі, асыл мұра.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы: «Palitra Press», - 2013. – 328 б.
2. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы / М. Әуезов. Алматы, 1960.
3. <https://bilim-all.kz/article/3812-Adam-balalyq-shagynda-qanshalyqty-kop-oqysa-eseigende-sonshalyqty-bai-bolady>
4. https://www.zharar.com/uploads/posts/2020-12/1608555437_img4.webp
5. Оразбаева Ф.Ш., Қасым Б.Қ., Балтабаева Ж.Қ. Оразақынова Н.А. Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқулық (2-ші басылым. – Қарағанды: «Medet Group» ЖШС. – 2019. – 424 б.